

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты
Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау
кафедрасы

Рахимжанова А.С.

Дипломдық жобаның

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

**«Варваринское алтын кен орнының №1 кенді денесіне геологиялық
барлау жұмыстарының жобасы»
тақырыбы**

6В07202 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ


«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау
кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ

Кафедра меңгерушісі,
PhD докторы, қауым. профессор
А.О. Байсалова


« 20 » 06 2025 ж.

Дипломдық жобаның
Түсіндірме жазбасы

«Варваринское алтын кен орнының №1 кенді денесіне геологиялық
барлау жұмыстарының жобасы»
тақырыбы

6B07202 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау

Орындаған:

Рахимжанова А.С.

Пікір беруші:
"Оңтүстік Қазақстан өңіраралық
геология департаменті"
РММ-тің басшы орынбасары


 К.У. Булегенов
« 18 » 06 2025 ж.

Ғылыми жетекші:
ГТПҚКІЖБ кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры
Phd докторы
 М.К. Кембаев
« 11 » 06 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты
Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау
кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
PhD докторы, қауым. профессор
А.О. Байсалова

«20» 06 2025 ж.

**Дипломдық жобаны даярлауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Рахимжанова Аружан Серікжанқызы

Жобаның тақырыбы: «Варваринское алтын кен орнының №1 кенді
денесіне геологиялық барлау жұмыстарының жобасы»

Университеттің №26-П/Ө «29» қаңтар 2025 ж. бұйрығымен бекітілген

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі «23» маусым 2025 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Диплом алдындағы
өндірістік практикада жиналған жазба мен сызба материалдары

Дипломдық жобаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі:

1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы;
2 Бұрын жүргізіліп кеткен жұмыстарға шолу және оларды талдау мен
бағалау;

3 Варваринское кенорнының геологиялық құрылысы;

4 Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері;

5 Күтудегі қорларды есептеу;

6 Геологиялық барлау жұмыстарының сметасы;

7 Қорытынды

Даярлауға тиіс графикалық сызба материалдар тізімі:

1 Кенорын ауданының шолу картасы;

2 Қостанай облысындағы «Варваринское» учаскесінің геологиялық
картасы;

3 Жобаланған алтын ауданның картасы;

4 Кен денесі бойынша геологиялық қималар
Варваринское кенорны бойынша ұсынылған негізгі әдебиеттер:

Қостанай облысындағы Варваринское учаскесі бойынша геологиялық-
әдістемелік және өндірістік-техникалық есепнама, 2018

Ә. Б. Байбатша, А. Т. Бекботаев, А. А. Жүнісов. Орысша-қазақша
терминологиялық сөздік

Аршамов Я.К., Отарбаев Қ.Т. Пайдалы қазба кенорындарын іздеу және
барлау пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен/5В070600 – «Геология және
пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы бойынша Қ.И.Сәтбаев
атындағы ҚазҰТЗУ-дың студенттері үшін. Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы
ҚазҰТЗУ, 2015. – 100 б.

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшілер мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	04.03.2025 ж.	—
2 Варваринское кенорны ауданының геологиялық сипаттамасы	18.04.2025 ж.	—
3 Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері	21.04.2025 ж.	—
4 Күтудегі қорларды есептеу	05.05.2025 ж.	—

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып бақылаушының
аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	ГТПҚКІжБ кафедрасының қауым. профессоры, PhD докторы М.К. Кембаев	09.03.25	
2 Варваринское кенорны ауданының геологиялық сипаттамасы	ГТПҚКІжБ кафедрасының қауым. профессоры, PhD докторы М.К. Кембаев	20.04.25	
3 Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері	ГТПҚКІжБ кафедрасының қауым. профессоры, PhD докторы М.К. Кембаев	29.04.25	
4 Күтудегі қорларды есептеу	ГТПҚКІжБ кафедрасының қауым. профессоры, PhD докторы М.К. Кембаев	05.05.25	


5 Жобаланған геологиялық барлау жұмыстарының сметасы	ГТПҚКІЖБ кафедрасының қауым. профессоры, PhD докторы М.К. Кембаев	10.05.25	
Қалып бақылаушы	ГТПҚКІЖБ кафедрасының қауым. профессоры, PhD докторы Е.Ж. Маманов	18.06.25	

Дипломдық жобаның жетекшісі



М.К. Кембаев

Тапсырманы қабылдаған студент



А.С.Рахимжанова

Күні «11» қазан 2024 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ


«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау
кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
PhD докторы, қауым. профессор
А.О. Байсалова


« 20 » 2025 ж.

Пайдалы қазба: Алтын

Нысана аты: Варваринское кенорны

Кездестірілген жері: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Таран ауданы

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАПСЫРМА

Дипломдық жобаның тақырыбы: Қостанай облысындағы
«Варваринское» учаскесіне барлау жұмыстарының жобасы

Геологиялық тапсырма берудің негізі: Диплом алдындағы өндірістік
практикада жиналған жазба мен сызба материалдары

**1 Дипломдық жобаның мақсаты, нысананың кеңістіктегі шекарасы,
бағалаудың негізгі көрсеткіштері:**

Кенорынның геологиялық ерекшеліктерін зерттеу, геологиялық барлау
жұмыстарын жобалау, С₁, С₂, санаты бойынша күтудегі қорларын анықтау

2 Геологиялық мәселелер, оларды шешу тәртібі мен негізгі әдістері:

1. Жұмыс жүргізілетін ауданның географиялық-экономикалық
сипаттамасы;

2. Бұрын жүргізіліп кеткен жұмыстарға шолу және оларды талдау мен
бағалау;

3. Варваринское кенорының геологиялық құрылысы;

4. Кенорынның геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық және
геохимиялық сипаттамалары;

5. Күтудегі қорларды есептеу;
6. Геологиялық барлау жұмыстарын жобалаудың ерекшеліктері және соған сәйкес сметасы;
7. Геологиялық барлау жұмыстарын жобалаудың экономикалық тиімділігі;
8. Графикалық материалдарды даярлау

3 Жұмыстарды орындау мерзімі мен болашақ нәтижелері (есеп беру құжаттардың түрлерін көрсету қажет):

Қостанай облысындағы «Варваринское» учаскесіне барлау жұмыстарын жобалау туралы нақты мәліметтер алу, С₁, С₂, санаты бойынша күтудегі қорларын анықтау және графикалық материалдарды даярлау

Жұмыстарды жүргізу мерзімі 11.10.24 - 17.06.25 ж.

Дипломдық жобаның жетекшісі М.К. Кембаев

АНДАТПА

Дипломдық жобаның басты мақсаты – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы шекарасында, толығырақ Қостанай облысы Таран ауданында орналақан Варваринское кенорнының №1 кенді денесіне барлау жұмыстары жобасын құрастыру болып табылады. Зерттеу жұмыстары Октябрь-Денисов антиклинорийінің шегінде Зауральск көтерілісінде орналасқан аумақта жүрді. Алынған нәтижелер арқылы кенорынның өндіруге жарамдылығын және де болашақта жүргізуге болатын геологиялық және геофизикалық жұмыстардың сметасын жүргізу үшін қолдануға болады.

Кеннің негізгі минералдары: пирит, пирротин, халькопирит, халькозин, арсенопирит, борнит, герсдорфит, табиғи мыс, алтын кездеседі.

Кенорынның күрделі геологиялық стратиграфиясын, магматизмін және де кен денесінің желі түрде болып келуін ескере отырып, қоры С₁, С₂ санаттары бойынша есептеліп, бағаланды.

АННОТАЦИЯ

Основной целью дипломного проекта является составление проекта разведки рудного тела №1 месторождения Варваринское, расположенного в Тарановском районе Костанайской области, на границе Республики Казахстан и Российской Федерации. Поисковые работы проводились на территории, расположенной на Зауральском возвышении в пределах Октябрьско-Денисовского антиклинория. Полученные результаты могут быть использованы для оценки пригодности месторождения к добыче, а также геологических и геофизических работ, которые могут быть проведены в будущем.

Основные рудные минералы: пирит, пирротин, халькопирит, халькозин, арсенопирит, борнит, герсдорфит, природная медь, золото.

Учитывая сложную геологическую стратиграфию, магматизм и линейную форму рудного тела месторождения, запасы рассчитывались по категориям C_1 и C_2 .

ANNOTATION

The main purpose of the graduation project is to draft an exploration project for ore body No. 1 of the Varvarinsk deposit, located in the Taran district of the Kostanay region, on the border of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. The exploration works were carried out on the territory located on the Trans-Ural upland within the Oktyabrsko-Denisovsky anticlinorium. The results obtained can be used to assess the suitability of the deposit for production, as well as geological and geophysical work that may be carried out in the future.

The main ore minerals are pyrite, pyrrhotite, chalcopyrite, chalcocite, arsenopyrite, bornite, gersdorffite, natural copper, and gold.

Considering the complexity of geological stratigraphy, magmatism and the linear shape of the ore body of the deposit, reserves were calculated in categories C_1 and C_2 .

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	13
1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы	14
2 Бұрын жүргізіліп кеткен жұмыстарға шолу және оларды талдау мен бағалау	16
3 Ауданның геологиялық сипаттамасы	18
3.1 Стратиграфия	18
3.2 Магматизмі	19
3.3 Тектоникасы	20
3.4 Пайдалы қазбалары	21
3.5 Ауданның гидрогеологиялық сипаттамасы	23
4 Жобалық жұмыстардың әдістемесі	25
4.1 Геологиялық-түсірілім жұмыстары	25
4.2 Гидрогеологиялық және инженерлі-геологиялық жұмыстар	26
4.3 Геохимиялық жұмыстар	27
4.4 Бұрғылау жұмыстары	27
4.5 Тау-кен жұмыстары	30
4.6 Геофизикалық жұмыстар	31
4.7 Сынамалау жұмыстары	32
4.8 Зертханалық жұмыстар	34
5 Жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау	35
5.1 Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша шаралар	37
6 Күтудегі қорларды есептеу	39
6.1 Кондиция	39
6.2 Қорларды есептеу әдістемесі	39
7 Экономикалық бөлім	43
8 Жұмыстарды жобалаудың экономикалық тиімділігі	45
ҚОРЫТЫНДЫ	46
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	47
ГРАФИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СУРЕТТІК ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ	49
А қосымшасы	49
Ә қосымшасы	50
Б қосымшасы	51
В қосымшасы	52

КІРІСПЕ

Осы дипломдық жұмысты орындау барысында негізге – «Polymetal International PLC» компаниясына тиесілі Варваринское кенорны бойынша жинақталған тәжірибе мен материалдар алынды. Кәсіпорында мен орындаған жұмыстар тізіміне :

1. Шурфтық, бороздалық және шламдық үлгілер алу кезінде дұрыс әдістердің сақталуын бақылау;
2. Геологиялық сынағаларды алу және оларды зертханаларға жеткізу;
3. Minevision бағдарламасы арқылы үлгілердің сапасын бақылау;
4. Autocad бағдарламасында геологиялық карталарды құруға қатысу;
5. Рудалы денелерді есептеу және 3D визуализация жасау;
6. Рудалы денелерді өндіру процесін бақылау;
7. Геологиялық нысандарды бақылау жатады.

Жобаны жазудағы негізгі мақсат – Варваринское алтын кенорнының №1 кенді денесін барлау және қосымша барлау жұмыстары аясында қорларды есептеу әдістерін тереңірек зерттеу болып табылады.

Қарастырылып отырған аймақта бұрын темір, алюминий, мыс, алтын, никель, қорғасын, мырыш, күміс, сондай - ақ кенді емес шикізат-эктас, саз, құм кенорындары анықталды. Негізгі металл – алтын және де ежелгі дәуірлерден бері ең қымбат металдардың бірі болып саналады және бүгінгі күнге дейін халықаралық нарықта жоғары сұранысқа ие.

Алтын әртүрлі өндірістік салаларда қолданылады, негізгі бағыттары:

1. Энергетика;
2. Зергерлік өнеркәсіп;
3. Электроника;
4. Авиация өнеркәсібі;
5. Медицина.

Қазіргі таңда алтын өндіру және өңдеу бойынша келешегі бар нысандардың бірі Қостанай облысындағы Варваринское және Комаровское кәсіпорындарындағы рудалық қорлардың жалпы көлемі 2020 жылдың қаңтар айына сәйкес 45.2 тонна деп бағаланады.

1 Ауданның экономикалық - географиялық сипаттамасы

Жұмыс ауданы экономикалық игерілген ауданда орналасқан. Мұнда солтүстік-шығыс пен оңтүстік-шығысқа қарай 70 және 50 км жерде орналасқан Соколов, Сарыбай және Қашар ірі темір кені кенорындарын игеретін "ССКӨБ" АҚ Тау-кен байыту кәсіпорны жұмыс істейді (1-сурет). Бұл ауданда Краснооктябрь ірі боксит кенорны игерілуде.



1-Сурет – Ауданның шолу картасы

Ауданның климаты құрғақ-континенталды, қысы суық және жазы ыстық. Орташа жылдық температура плюс 3,5°C, қыста минус 45°C және жазда максимум плюс 40°C. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 250-300 мм және де оңтүстік-батыс бағытта үнемі желдер соғады.

Кенорнының биіктігі 170-тен 220 м-ге дейін абсолютті белгілері бар көптеген жартастар мен арқалықтармен бөлінген әлсіз таулы дала жазығы.

Кенорнының аумағындағы негізгі су артериясы оның солтүстік-шығыс шекарасына жақын ағып жатқан Аят өзені болып табылады [1].

Баталы темір жол станциясынан ССКӨБ кәсіпорындары үшін әктас өндіретін Қызыл-Жар кенішіне дейін тартылған ең жақын темір жол тармағы кенорнынан шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Баталы және Тобыл теміржол станциялары кенорнының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысына қарай тиісінше 20 және 45 км. Өңірдің экономикасы үшін Қазақстанның солтүстік және шығыс аудандарына, оның ішінде Ресейге жүк тасымалдауды қамтамасыз ететін Тобыл темір жол 2004 жылы іске қосылған.

Аудан орталығы Таран кентіне дейін асфальтталған жол төселді. Одан кенорнының аумағына дейін ұзындығы 35 км грейдер жолы бар.

Ауданды энергиямен қамтамасыз ету Екібастұз ГРЭС - нен жүргізіледі. Варваринский кеніші 20 км (Баталы темір жол станциясы) орналасқан ЭБЖ-200-ге қосылған. Таскөмір Қарағанды және Павлодар облыстарынан әкелінеді. Жергілікті қажеттіліктер үшін Қостанай облысының Әулиекөл ауданында орналасқан Приозерный разрезінде өндірілетін қоңыр көмір пайдаланылуы мүмкін.

Техникалық сумен жабдықтау кенорнының орталық және басқа учаскелері шегінде жеткілікті мөлшерде бар минералданған дренаждық су қорларын пайдалану есебінен мүмкін болады. Ауыз сумен жабдықтау үшін сипатталған объектінің алаңында орналасқан Варвара учаскесінің тәулігіне 622 м³ мөлшерінде тұщы суларының бекітілген қорлары жеткілікті.

Құрылыс мақсаттары үшін кең таралған пайдалы қазбалар кенорны ауданында глауконит-кварц және қарапайым құмдар, саздар, саздақтар, қиыршық тастар және т. б. орналасқан.

Облыстағы үлкен су қоры Тобыл саласындағы өзендер. Оның орташа жылдық шығыстары Қостанай қаласына жақын маңда 21,1 м³/с. Тобыл өзенінде суы көп жылы орташа шығыстар 124 м³/с жетеді, ал суы аз жылы 3,08 м³/с дейін төмендейді.

Өзен суларының химиялық құрамы көбінесе бассейндердің өзендерімен ағызылатын топырақ пен топырақтың тұздануына байланысты. Ең тұзсыздандырылған суларды Транс-Оралдың (Аят, Тоғызақ) және (Сары-Торғай, Қара-торғай) шеттерінен ағатын өзендер алып жатыр. Облыстың орталық және оңтүстік аудандарының көптеген өзендері жаздың екінші жартысында толады (Торғай мен Ұлыжыланшықтың төменгі ағысы).

2 Бұрын жүргізіліп кеткен жұмыстарға шолу және оларды талдау мен бағалау

Алғаш рет Варвара алаңындағы кенді минерализация 1936 жылы Аят өзенінің жағасында 15,8 г/т дейін алтын, 0,9% мыс және 1,61 г/т күміс бар екендігі анықталды [1].

Ауданда жоспарлы геологиялық зерттеулер XX ғасырдың ортасында басталды (1948-60 жж.). Осы кезеңде ірі темір кені (Соколов, Сарыбай, Қашар), боксит (Краснооктябрь, Таунсор және т.б.) кенорындары ашылды. Бұл ашылулар осы аймақтағы кен қазбаларына іздеу және барлау жұмыстарын кеңейтуге негіз болды. Кейінгі жылдары ауданда алтынға, бокситке, оолитті темір кендеріне, мысқа іздеу-барлау, тақырыптық, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, гидрогеологиялық және геофизикалық түсірілімдердің үлкен көлемі орындалған.

1985-1990 жылдардағы іздеу-бағалау жұмыстары (Н.Л. Чурманов және т.б.) Варваринское мыс-алтын кенорны алғаш рет өнеркәсіптік және перспективалы болып бағаланды. 1990-2011 жылдары кенорны егжей-тегжейлі барлау жүргізумен және қорларды есептеумен және оларды ҚР ҚМК бекітумен үздіксіз зерттелді.

Үлкен көлемдегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, Варваринское кенорны күрделі геологиялық-құрылымдық құрылымы бар Солтүстік Қазақстандағы ірі алтын кенорындарының қатарына жатқызылды. 2001-2005 жылдары жүргізілген геологиялық-экономикалық бағалаумен барлық кенорнының учаскелерін ашық және жер асты тәсілдермен өнеркәсіптік игеру мүмкіндігі белгіленді. Нысанды 2007 жылдан бастап "Варваринское" АҚ игеруде.

Дипломдық жобалау объектісі болып табылатын Варвара кенорнының оңтүстік шегінде 1983-1986 жылдары геологиялық-геофизикалық әдістер кешенімен мыс пен алтынға іздеу жұмыстары:

- өнеркәсіптік мыс-алтын кенденуін қамтуы мүмкін сульфидті минералдану аймақтарын анықтау үшін ВП желісі бойынша 250X50 м электрлік барлау;

- жел қабатындағы мыс-алтын кенденудің геохимиялық аномалияларын анықтау және контурлау мақсатында кернді 100x50-40 м желісі бойынша 25, 20, 10 м дейін бұрғылау (КГК бұрғылау). Ұңғымалар ауа-райының қабатынан толығымен өтіп, 0,3-0,5 м тереңдікте тереңдей түсті. Барлығы 112 ұңғыма бұрғыланды, тереңдігі 33,0-54,0 м, ұңғымалардың орташа тереңдігі 42,0 м;

- КҚК бұрғылау кезінде анықталған геохимиялық аномалияларды тексеру, кенденудің жатыс тереңдігін бақылау мақсатында жеке іздеу ұңғымаларын бұрғылау. Ұңғымалар көлбеу бағытталған, көлбеу бұрыштары 60-75, бұрғылау азимуты 290 – негізгі геологиялық құрылымдардың, кенді аймақтардың қиылысу аралығы. Барлығы 8 ұңғыма бұрғыланды, тереңдігі 192,5-275,3 м, орташа 253,0 м, бұдан басқа сынамалау үшін тереңдігі 50,0 м бір ұңғыма бұрғыланды.

Учаскедегі іздеу жұмыстарының нәтижелері бойынша кен элементтерінің (Au, Cu, Ag) және индикатор элементтерінің (Ni, Bi, Sb) көптеген геохимиялық аномалиялары анықталды, бұл кешенді сипаттағы кең және қарқынды кеногенезін көрсетті. Іздеу ұңғымаларымен жергілікті таужыныстарда екі кен денесі кесілген. Қиманың шынайы қалыңдығы 11,0 және 7,0 м, құрамында алтын 1,52 г/т, мыс 0,51 %, күміс 0,63 г/т; кенді денеде алтын 1,68 г/т, мыс 0,62%, күміс 0,73 г/т. КҚК бұрғылау кезінде анықталған 161 іздеу ұңғымасында: 1,27 г/т алтын, 0,43% мыс, 0,56 г/т күміс анықталды [1].

Учаскенің орталық бөлігінде шашырау ореолдары ВП аномалиясымен сәйкес келеді, бұл оларды іздестіру кезеңінде ұқсас кешенді шашырау ореолдары мен геофизикалық аномалияларды бағалау кезінде анықталған Варварин кенорнына ұқсас өнеркәсіптік мыс-алтын кенденуді анықтауға перспективалы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұрын жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша Варвара кенорнының оңтүстігі өнеркәсіптік кен денелерін табуға өте перспективалы деп танылды және онда іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізуге ұсынылды.

Кенорнын игеру 2007 жылы «Варваринское» АҚ кәсіпорны бастады.

3 Ауданның геологиялық сипаттамасы

3.1 Стратиграфия

Аймақтық геологиясы бойынша Варваринское кенорны Октябрь-Денисов антиклинорийінің шегінде Зауральск көтерілісінде орналасқан. Батыстан Троицк-Қарашатау антиклинорийімен, шығыстан - Түмен - Қостанай Валерьяновск синклинорийімен шектеседі [3].

Октябрьск-Денисов антиклинорийі батыстан - Тобольск, шығыстан - Ливан ойыстарымен шектелген күрделі салынған блок құрылымы. Олар бір-бірінен 60 км қашықтықта 900 км меридиональды бағытта байқалады. Бенқала гранитоид массивінің оңтүстігіне қарай олар жабылып, одан әрі 600 км-ге созылып жатыр. Солтүстік бағытта құрылымның тұйықталуы Шадринск қаласының ендігінде жүреді.

Палеозой эрасы -Pz

Девон жүйесі. Ортаңғы бөлім (D₂) жасында кремнийлі-базальт қабаты 900 м дейінгі қалыңдықпен ұсынылған. Ол ауданның батыс және оңтүстік бөліктерінде кең жолақ түрінде созылады. Ол негізінен базальттардан және олардың порфирлерінен тұрады, қалыңдығы 1-3 м қара сұр, жасыл-сұр кремнийлі таужыныстардан тұрады. Таужыныстар барлық жерде хлориттелген, эпидоталған және альбитизацияланған, әртүрлі деңгейдегі учаскелер стратификацияланған, көбінесе сульфидті минералдары бар кварцтың желілерінен – 1- 5% пирит және халькопириттен тұрады.

Осы жастағы шөгінділер Варвара кен алаңының шегінде дамыған және аттас грабен-синклиналь қабаттасқан. Оның 60% базальттармен, сондай-ақ кремнийлі тақтатастармен, полимикті құмтастармен, алевролиттермен, конгломераттармен, әктастармен қапталған. Таужыныстары негізінен метасоматикалық түрде өзгереді (кварцтану, альбитенген, карбонатизацияланған, хлориттелген, амфиболитизацияланған, скарнданған және т.б.).

Таужыныстары ауыспалы магнит өрісі – 100-ден + 600 нТ-қа дейінгі қарқындылықпен және гравитациялық өрістерде жергілікті ауытқулардың болуымен сипатталады. Ауырлық өрісінің жоғары қарқынды жергілікті ауытқулары кейде массивті сульфидті, гематит-магнетит кендерімен, скарн аймақтарымен тікелей байланысты. Сульфидті кен денелерінен жоғары магнит өрісінің жоғарылауы пирротиннің, магнетиттің болуына байланысты. Төменгі таужыныстарда бұрыштық және стратиграфиялық үйлесімсіздікпен жатыр.

Бор жүйесі. Жоғарғы бөлім. Сеноман-Турон ярусында (K_{2s-t}) - ауа-райы қыртысының түзілімдерінде қабатталған түрлі-түсті саздардан, боксит линзаларынан және боксит тәрізді саздардан, сұр құмдардан және өсімдік детриті бар саздардан тұратын жоғарғы борлы континентальды шөгінділер жатыр. Жұмыс аймағында дамыған шөгінділердің қалыңдығы 5-20 м және де карстталған карбонатты таужыныстардың учаскелерімен байланысқан.

Аят свитасында (K_{2ajt}) лагун шөгінділері өте кең дамыған. Олар эрозиямен, бұрыштық және стратиграфиялық үйлесімсіздікпен төмендегі таужыныстарды жабады. Темір құмтастар, қара сұр, қара саздар, оолитті гидрогетиттер, сидерит-гидрогетиттер, глауконит-лептохлорит-сидерит темір кендері кездеседі. Шөгінділердің қалыңдығы, әдетте, 5 м-ден аспайды.

Егінсай свитасы (K_{2eg}) теңіз және жағалау-теңіз шөгінділері шөпті-жасыл, қара-жасыл, негізінен ұсақ түйіршікті глауконит - әр түрлі сазды кварц құмдарынан тұрады.

Кайнозой эрасы. Палеоген жүйесі. Орта Эоцен. Тасаран свитасында (P_{2ts}) теңіз шөгінділері кең таралған. Оларға глауконит-кварц құмдары мен құмтастар, сұр саздар, опокалар жатады. Эрозиямен, бұрыштық және стратиграфиялық үйлесімсіздікпен олар астындағы таужыныстарда жатыр.

Жоғарғы Эоцен – Төменгі - Орта Олигоцен. Сексеуіл-чеган свитасы ($P_{2-3sk-cg}$) теңіз зәйтүн-жасыл жапырақты саздармен, слюдталған-кварц алевроитінің жұқа ұнтақтарымен сипатталған. Бұрыштық үйлесімсіздігі бар учаскелер тасаран опока тәрізді саздармен, опокалармен қабаттасады.

Жоғарғы Олигоцен. Үркімбай свитасы (P_{3ur}) сұр түсті континенттік шөгінділер, қоңыр-сұр саздармен, жұқа қабатты көмірлі детритпен, сарғыш-сұр құмдардың сирек қабаттарымен сипатталған.

Неоген жүйесі. Төменгі Миоцен. Терсук свитасының (N_{1trs}) құрлықтық шөгінділері сұр, сарғыш-сұр түрлі түйірлі құмдармен, гравелитті құмдармен, қиыршықтастармен сипатталған. Құрамында 0-5 м безді құмтас линзалары бар.

Турме свитасында (N_{1tm}) қалыңдығы 0-8 м континентальды шөгінділер және көбінесе қазіргі су айдынында кездесетін таужыныстар таралған. Құрамында гипс, марл тәрізді сұр, бозғылт жасыл қабатталмаған, кесек, пластикалық саздар бар марганец пен темір гидрототықтарының қосылыстары, оолиттері кездеседі.

Төрттік жүйе. Плейстоцен-Голоцен түзілімдері (Q_{IV}). Төрттік жүйенің шөгінділері кең таралған. Олар саздар мен құмдар ретінде, ал өзен аңғарында жұмырланған құмтастар ретінде кездеседі.

3.2 Магматизмі

Ауданның интрузивті таужыныстарына ультранегізді, габбро және диорит-гранодиориттер жатады [3].

Ультранегізді кешен әр түрлі жастағы қалыңдықтардың арасында орналасқан кішкене мөлшердегі серпентинит денелерімен сипатталған. Линза тәрізді ұзартылған немесе пласт тәрізді пішіндерге ие. Олардың қалыңдығы 1 метрден 100 метрге дейін немесе одан да көп болып, ұзындығы ондаған-жүздеген метрге дейін жетеді. Ірі серпентиниттер орналасқан аумақтарында ірі талқандаулар, дуниттер және перидотиттер кездеседі.

Микроскопиялық тұрғыдан серпентиниттер - қара-жасыл түсті, шомбал немесе тандақты бітімді болып, кейде офит пен хризотил желілері кездеседі. Хромит акцессорлық минерал ретінде кездеседі.

Серпентиниттер әдетте әртүрлі дәрежеде хлориттелген, тремолитизацияланған, жапырақ тәріздес пішінге ие.

Ең ірі денелерге – Аят, Дубравин, Варварин алаңында дамыған кіші интрузивті денелерне габбро-диорит-гранодиориттер жатады. Олар вулканогендік кешендерімен байланысады және олармен вулкан-плутоникалық бірлестіктер құрайды. Олардың ішінде қатарынан үш фаза ерекшеленеді: габбро, диорит, гранодиорит.

Габбро фазасы - габбро массивтерімен, көбінесе ультрабазиттермен байланысты габбро-нориттермен кездеседі. Габброидтердің денелері тұрақты емес, көбінесе линза тәрізді, олардың қалыңдығы 100 немесе жүздеген метрге жетеді.

Габбро құрылымдық-түзілімдік ерекшеліктері мен құрамының гетерогенділігімен сипатталады. Композицияның меланократтық айырмашылықтардан лейкокаттық габбро мен диориттерге дейін өзгеруі, сондай-ақ құрылымның ұсақ түйіршіктен ірі түйіршікті-пегматоидқа дейін өзгеруі жиі кездеседі.

Габбролармен байланысты диориттер плагиоклаз мен амфиболдан тұрады (30%). Диоритті порфириттердің кейінгі дайкаларының жанында диориттер биотиттелген және амфиболитизацияланған.

Лакколит тәрізді интрузивті денелер кенорнының орталық және шығыс бөліктеріне тән. Олар қабатты таужыныстарда орналасқан және көбінесе таужыныстарының бағытына сәйкес орналасады. Лакколиттердің пішіні ұзартылған, ұзындығы бойынша ені 100 м - ге дейін 600 м жетеді, қалыңдығы 150 м немесе одан да көп болып келеді. Лакколиттерде көптеген ксенолиттер кездеседі.

Кварцты диоритті порфириттер мен диабаздардан тұратын дайка кешені интрузиямен генетикалық және кеңістіктік байланысты. Дайка денелері сызықты бағытталған немесе күрделі тармақталған, қалыңдығы 0,5 - тен 3-5 м-ге дейін, сирек - 30-70 м-ге дейін, ірілерінде 130 м-ге дейін, түзу немесе күрделілерде ұзындығы 10-50 м-ден жүздеген метрге дейін, сирек-км-ге дейін болады.

3.3 Тектоникасы

Ауданның геологиялық құрылымын палеозой таужыныстары және мезозой-кайнозой түзілімдері қалыптастырған.

Палеозойда каледондық және герциндік құрылымдық деңгейлер ерекшеленеді [4].

Каледон құрылымдық қабатын орта девон (D_2) жасындағы кремнийлі-базальт тұратын ерте геосинклинальды құрылымдық-материалдық кешенді қамтиды. Қабат кремнийлі-базальт негізінен тұрады, олардың арасында қара сұр, жасыл-сұр кремнийлі таужыныстардың қабаттары бар.

Герциндік құрылымдық қабаты төменгі көмір (C_1) жасындағы терригендік-базальттан тұратын сингеосинклинальды құрылымдық-

материалдық кешенді қамтиды. Осы жастағы шөгінділер Варваринское кен алаңының шегінде дамыған және де базальттар, кремнийлі тақтатастар, полимикті құмтастар, құмайттастар, конгломераттар, әктастардан құралған аттас грабен-синклиналь құраған.

Варваринское мыс-алтын кенорнын қамтитын зерттелген аймақ Денисов антиклинорийінің шығыс қанатында, солтүстік-шығыс және батыста Первомай және Александровский иілімдерімен, ал шығыстан - Қырым синклиналы және Екатериновка антиклиналымен орналасқан. Соңғы екі құрылым біріктірілген, ұзындығы 6-8 км және құлау бұрыштары 30-дан 150-ге дейін. I және II ретті катпарлы құрылымдар III және IV ретті грабен және брахиқұрылымдармен күрделенген. Зерттелген аумақтағы III ретті ең үлкен құрылым-варваралық грабен-синклиналь. Ол солтүстік-шығыс бағытта ені 24 км-ден 3,5 км-ге дейін созылады. Таужыныстарының құлауы бұрышы шығысқа қарай 30-70 градус.

Іргетастың құрылымында тектоникалық жарылымдар маңызды рөл атқарады. Ауданның шығыс бөлігінде субмеридиональды бағытта аймақтық ливандық жарылыс байқалады, ол Қазан-Денисов антиклинорийі мен Валериан жанартаулы-плутоникалық белдеуді ажыратады. Батыстан Тобольск ойысы бойынша Троицк-Қарашатау антиклинорийімен шектеседі. Әр аймақ ультрабазиттермен бірге жүреді. Тектоникалық өрістің активтенуі пермьнің соңына дейін болды. Интрузивті магматизм осы бұзылулар аймағында кеңінен көрінеді, сонымен қатар динамометаморфизм, метасоматоз және кендену процестері көп таралған.

3.4 Пайдалы қазбалар

Қарастырылып отырған аймақта бұрын темір, алюминий, мыс, алтын, никель, қорғасын, мырыш, күміс кенорындары мен көріністері, сондай - ақ кенді емес шикізат-әктас, саз, құм кенорындары анықталды.

Мыс. Варвара кенорнынан оңтүстік-батысқа қарай 35 км жерде мыс-порфир типіндегі Баталы кенорны орналасқан. Мыстың болжамды ресурстары 350 мың тоннаға бағаланады, мыстың орташа мөлшері 0,46%, кен денелерінің қалыңдығы 42 м-ге дейін, мыстан басқа, жеке сынамаларда молибден - 0,04%, алтын – 2,0 г/т, күміс – 11 г/т табылды.

Красноармейское мыс кенорны Баталы мыс кенорнынан батысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Мыстың болжамды ресурстары 147 мың тоннаға бағаланады, оның құрамында 0,71%.

Қызылжар мыс кенбілімі Варвара кенорнынан шығысқа қарай 4 км жерде диориттер массивінде орналасқан. Ұңғымаларда қалыңдығы 2,5-12,0 м, құрамында мыс 0,1-0,8%, күміс – 1,2 г/т дейінгі аралықтарда белгіленген.

Ауданда Александровское, Жақсы-Алакөл, Ақсай мыс кендері де белгілі.

Темір. Аят бірегей темір кені кенорнын 1898 жылы А.А. Краснопольский ашқан және 1946 жылдан 1950 жылға дейін Д. Д. Топорков зерттеген. Баланстық кендердің құрамы: темір – 37,17%, күкірт – 0,35%, фосфор – 0,37%. В+С₁ санаттары бойынша барланған кен қоры 1,76 млрд.т.құрайды.

Темірдің көптеген скарндық шығу типі, соның ішінде Варваринское кенорнында белгілі. Ондағы ұңғымалар мартит-магнетит, гематит кендерін кесіп өтіп, қалыңдығы 0,3-тен 7,8 м-ге дейін жүреді.

Алюминий. Варвара кенорнынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км жерде бір аттас боксит кенорны орналасқан. Мұнда ұзындығы – 100 м, ені – 14-150 м, қалыңдығы – 2,4- 47,0 м болатын 12 кен денесі анықталды. Құрамында Al_2O_3 бар C_1 – 2 млн.т, C_2 – 3,3 млн.т санатындағы бокситтер қоры – 37,9%; SiO_2 – 8,0%; FeO – 20,58%; CaO – 0,2%.

Алтын, мыс. Варвара мыс-алтын кенорны-зерттелетін аумақтың негізгі объектісі. Кенорнын зерттеген зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, мыс-алтын кендерінің пайда болуы екі түрлі кезеңде болды. Бірінші кезең рифтік құрылымының қалыптасуының соңғы кезеңінде вулканогендік-терригендік формацияның пайда болуымен байланысты. Бұл кезеңде вулкан-терригендік формацияның бірнеше стратиграфиялық деңгейлерінде – базальттарда, әктас ішінде және олардың базальттармен жанасуында локализацияланған стратиформды кен пайда болады. Мыс алтыннан басым және онымен салыстырмалы түрде тұрақты корреляциялық байланыс бар.

Кенді қалыптастырудың екінші кезеңі диорит-гранодиориттердің интрузияларымен байланысты. Бұл кешеннің интрузияларын енгізу карбонатты шөгінділерді скарндар мен және кен минералдануының әртүрлі қарқындылығына ие басқа байланыс-метаморфты түрлендірулермен бірге жүреді. Бұл кезеңнің басым руда элементі минералданудың бірінші кезеңінің мысымен байланыспайтын алтын болып табылады.

Кеннің негізгі минералдары: пирит, пирротин, халькопирит, халькозин, арсенопирит, борнит, герсдорфит, табиғи мыс, алтын және т. б.

Кендердің негізгі компоненттері - алтын және мыс. Осы компоненттердің құрамы бойынша бұл кен түрлері негізінен аз болып келеді. Табиғи түрдегі алтын көбінесе халькопиритте, сирек-басқа кенді және кенді емес минералдарда кездеседі. Ең үлкен алтындар 0,01–0,02 мм жетеді, сирек үлкенірек түрлері кездеседі. Ең жиі кездесетін алтындар-0,001-0,003 мм, кейбір кен денелеріндегі зиянды қоспалар мышьякпен болады. Мышьяқтың болуы өзен маңы учаскесінің кендеріне тән, мұнда оның жекелеген сынамалардағы құрамы 1,0%-ға, ал кен денелері бойынша орташа алғанда -0,4% - ға жетеді. Кенорнының орталық бөлігіндегі кендерде мышьяк мөлшері 0,01-0,12% шегінде болады.

Диориттердің көптеген дайкалары мен силлаларын енгізу метасоматикалық түзілімдердің қабатымен қатар жүрді, олардың арасында скарндар, кварц-дала шпаты және дала шпаты метасоматиттері, биотиттелген және пропициттелген таужыныстар (актинолит және эпидот бар таужыныстар, төмен температуралы хлорит-карбонатты пропициттер), кварциттер және дәнекерленген таужыныстар, сондай-ақ әр түрлі желілік минералдану ерекшеленеді. Барлық анықталған кен денелері ірі жарылымдар бойымен өзгерген таужыныстарда орналасқан және олармен бірге созылып, құлайды [2].

Кен денелерінің морфологиясы әр түрлі, бірақ үздіксіз және тығыз

таралған колчедан кендерінің қабат және линза тәрізді денелері басым келеді. Олар негізінен вулканогендік-терригендік қалыңдықта белгілі бір стратиграфиялық деңгейде жатыр. Күрделі желілік, тақтатас және диск тәрізді денелер дай және экзоконтактілердің эндо және экзоконтактілерінің және порфир тәрізді диориттердің, сондай-ақ серпентиниттердің аймақтарында орналасқан.

Варваринское кенорнынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км жерде темір кені шекемтастарын өндіру үшін Қызылжар әктас кенорны қалыптастырылуда. Сонымен қатар, ауданда кірпіш, минералды бояулар, құрылыс және қалыптау құмдары, құм-тазартқыштар өндірісі үшін шикізат кенорындары мен кенбілімдері бар.

Қорытындылай келе, Варвара ауданының геологиялық құрылымы мен пайдалы қазбалары бойынша оның перспективалары жоғарыда аталған кенорындарымен және кенбілімдерімен шектелмейді деп айтуға болады. Варвара кенорнының жанында бірқатар геохимиялық және геофизикалық ауытқуларды іздеу есебінен жаңа мыс-алтын кені объектілерін анықтаудың қолайлы перспективалары бар.

3.5 Ауданның гидрогеологиялық сипаттамасы

Ауданның гидрогеологиялық жағдайлары солтүстік Торғайға және шығыс Орал тау бөктеріне тән ерекшеліктерге ие, бұл борпылдақ жабын кешенінің су өткізгіш және өткізбейтін түзілімдердің болуымен көрінеді. Аудан Тобыл артезиан бассейнінің батыс бөлігінде орналасқан, оның құрылымында екі қабат ерекшеленеді:

- жоғарғы, негізінен мезокайнозойдың шөгінді таужыныстарындағы қабатты-кеуек суларды қамтиды.
- төменгі, палеозойдың шөгінді, магмалық, метаморфты таужыныстарында, прекамбриялық жарықтар мен карст суларының болуымен сипатталады. Артезиан бассейнінің екі қабаты бір-бірімен байланысты.

Жер асты суларының қозғалысы баяу, шығыс бағытта жұмсақ болып келеді. Жалпы, жер асты сулары түрлі-түсті минералданумен сипатталады. Терең жатқан горизонттардың сулары негізінен хлоридті. Құрамы бойынша алғашқы сулы горизонттардың жер асты сулары хлоридті, хлоридті-сульфатты, сульфатты болып келеді [4].

Аят өзенінің аңғары гидрогеологиялық тұрғыдан басқа аумақтан ерекшеленеді. Ол шөгінділердің қозғалғыштығының жоғарылауымен және судың тұщы дәмімен сипатталады. Аят өзенінің аңғары 4 кешенге немесе су көзі горизонттарына бөлінеді:

- 1) Төрттік аллювий шөгінділерінің су көзі горизонты – бұл горизонт жайылма мен жайылма үсті террасаларында, Аят өзенінің аңғарының екі жағында да таралған. Аллювийдің қалыңдығы 1-ден 12 метрге дейін жетеді және уақыт өте өзгеріп отырады. Жерасты суларының тереңдігі 1-ден 6,6 метрге дейін. Скважиналардың су шығымы – 0-ден 2,6 л/с-қа дейін,

деңгейдің төмендеуі 2-ден 6,5 метрге дейін болып келеді. Қоректенуі – су тасқыны кезінде өзеннен, ал құрғақшылық кезеңінде жарықшақты аймақтың жерасты суларының келуі арқылы жүзеге асады.

2) Олигоцен дәуірінің құмды-сазды шөгінділерінде спорадиялық таралған сулар – бұл сулар жеке орналасқан 1-2 км² аумақта дамыған. Таужыныстар қалыңдығы – 10 метрге дейін, су қаныққан қабат – 2-3 метр. Жерасты суларының деңгейі 5-тен 7 метрге дейін. Ұңғымалардың су шығыны 0,8 м³/с-қа дейін, деңгей төмендеуі 4-5 м. Сулар негізінен тұщы, гидрокарбонатты-хлоридті, натрийлі құрамда.

3) Жоғарғы бор және ортаңғы эоцен дәуірі шөгінділерінің су көзі кешені – бұл кешен кенорны аумағында кеңінен таралған және негізгі ауыз су мен техникалық су көзі болып табылады. Қимада құмдар мен құмтастар кездеседі. Су көзі кешенінің қалыңдығы – 20 метрге дейін. Құмдардың орташа қалыңдығы – 6 метр, ал саз қабаттары – 7-11 метр. Жерасты суларының деңгейі 3,5-тен 8 метрге дейін, Аят өзеніне қарай төмендейді. Ұңғымалардың су шығыны – 3,5 м³/с, деңгейдің төмендеуі – 12 метрге дейін. Судың минералдануы – 1-ден 1,5 г/дм³-ке дейін, сәл тұзды сулар кездеседі.

4) Палеозой таужыныстарындағы жарықшақты және карсты аймақ су көзі кешені – маңыздылығы жағынан екінші орында, кенорнын сумен қамтитын кешен. Девон және төменгі тас көмір дәуірінің эффузивті таужыныстарының суға қанығуы олардың әртүрлі шығу текті және қарқындылықтағы жарықшақтарымен, сондай-ақ тектоникалық және карстық қуыстармен байланысты. Бұл аймақ 15-тен 40 метр тереңдікте басталады. Қысымдағы жерасты сулары бар, деңгейлері – 4,6-дан 8 метрге дейін. Қалыңдығы, шығымдық каротаж деректеріне сәйкес, шамамен 120 метрге жетеді. Тектоникалық жарықтарда 500 метр және одан тереңге дейін жетеді. Су мол аймақтар – бұл таужыныстардың жарықшақты жерлері, әсіресе интрузивті таужыныстар мен әктастардың шекарасында орналасқандары. Ұңғымалардың су шығыны – 1,5-тен 10 м³/с-қа дейін, деңгейдің төмендеуі – сәйкесінше 10,6 және 2,3 метр (арнайы шығымы 4 м³/с-қа дейін). Сонымен қатар, су өткізбейтін монолитті таужыныс блоктары да кездеседі.

Сулы кешеннің құрамында минералдануы 1-1,5 г/дм³ тұзды сулар басым болып, ал иондық құрамда хлоридтер, сульфаттар және натрий басым келеді.

4 Жобалық жұмыстардың әдістемесі

Жобалаған жұмыстардың негізгі мақсаты – Варваринское кенорнының №1 кенді денесінің жалпы күтілудегі қорларын C_1 және C_2 категориялары арқылы есептеу және де барлау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Кен денесі желі тәріздес пішінде жатыр.

Кесте 1 – Жобаланған жұмыстардың түрлері және көлемі

№ п/п	Жобаланған жұмыс атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі
1	2	3	4
1	Далалық жұмыстар:		
1.1	<i>Геологиялық-түсірілім жұмыстары</i>	км	580
1.2	Геохимиялық жұмыстары	нүкте	20
1.3	<i>Бұрғылау жұмыстары</i>	пог.м.	5400
1.4	<i>Геофизикалық зерттеулер</i>	п.м	100
1.5	<i>Геотехникалық зерттеулер</i>	п.м	540
	<i>Топографиялық-геодезиялық жұмыстар</i>	нүкте	16
2	Тау-кен жұмыстары:	м ³	7268,4
3	Сынамалау жұмыстары:		
3.1	<i>Кенді сынамалау</i>	сынама	320
3.2	Шламдық сынамалау	сынама	515
3.3	<i>Штуфтық сынамалау</i>	сынама	13
4	Зертханалық жұмыстар:	зерттеу	540
5	Камералдық жұмыстар	жұмыс	1,0
	ГБЖ барлығы:		

4.1 Геологиялық-түсірілім жұмыстары

Геологиялық түсірілім жұмыстарының мақсаты – геологиялық жұмыстардың дәлдігін анықтау, кен денесінің шығуын құжаттау болып табылады.

Жұмыс барысында:

- 1) 1:5 000 масштабта кенорын картасы;
- 2) 1:50 000 масштабта геологиялық карта сызылды.

GPS қабылдағыш UTM координаттар жүйесі бойынша координаттарды енгізе отырып, алынған нәтижелермен 1:50 000 масштабта геологиялық карта құрастырылды.

4.2 Гидрогеологиялық және инженерлі-геологиялық жұмыстар

Горизонттың су сыйымды таужыныстары түрлі түйіршікті глауконит-кварцты құмдармен және сазды-опокалық цементтегі құмтастар мен құмды саздар мен әлсіз жарылған опокалармен ұсынылған. Олардың негізінде мезозой сазды-қиыршық тастары немесе сулы-батпақты және жарылған палеозой түзілімдері орналасқан.

Ең көр су таужыныстары - құмдар. Су өткізгіш құмдардың тым гетерогенділігі ұңғымалардың өндірісіндегі өзгерістердің кең ауқымдығын көрсетеді. Олардың дебиттері 0,3-1,6 л/с, деңгейдің 3,5-8,0 м төмендеуі кезінде сүзу коэффициенті орта есеппен 6,3 м/тәул. Варвара кенорнының ауданы шегінде сүзілудің орташа коэффициенті тәулігіне 15 м болатын әртүрлі түйірлі құмдар дамыған.

Кешеннің жер асты сулары атмосфералық жауын-шашынның салыстырмалы түрде еркін инфильтрациясы процесінде, негізінен қысқы кезеңде және Аят өзенінің алқабына өту кезінде жүзеге асырылатын қиын су алмасу процесінде қалыптасады.

Кешеннің жер асты сулары көбінесе әлсіз тұзды, минералдануы 0,8-1,5 г/л аралас иондық және катионды құрамы: гидрокарбонатты-хлоридті, гидрокарбонатты-сульфатты-хлоридті, кальцийлі-магний-натрийлі болып келген. Жерасты суларының көктемгі толтырылуы кезеңінде судың минералдануының біршама төмендейді. Суда марганец, мырыш және темірдің мөлшері жоғарылайды.

Варвара кенорнының дренаждық сулары тұзды, сульфат-хлоридті натрийлі болып келген. Өндіру процесінде алынатын жер асты сулары кірме жолдарды суару үшін және технологиялық процесте кенді қайта өңдеу кезінде пайдаланылады.

Гидрогеологиялық ұңғыманың жобалық тереңдігі 25,4 м құрайды. Ұңғыманың диаметрін таужыныстың категориясына байланысты және геофизикалық аспаптардың диаметріне байланысты, сонымен қатар кенді денеден алынатын керннің регламентіне байланысты тандалды.

Бұрғылау жұмыстары УГБ-50 құрылғысы арқылы жүзеге асырылды және де ұңғымалардың тереңдігін 100 метрге дейін арттыру мақсатында М7, М8, М9 модификациялы 4ву-5/9 компрессорлары қолданылды. Құрылғыны 400⁰С-тан +400⁰С-қа дейінгі температурада әртүрлі климаттық жағдайларда бұрғылау қондырғыларында пайдалануға болады.

СТ-2 карбидті бұрғылау коронкасы төмен абразивті монолитті және қиылысқан таужыныстарын бұрғылау үшін қолданылады, коронканың диаметрі 172 мм. Бұл коронка арқылы сазды сазтас, құмды тақтатастар, қатты қоспалары бар тақтатастар, әктастар, сазды құмайтастар, базальттар, доломиттер бұрғыланады.

4.3 Геохимиялық жұмыстар

Жобалау аумағындағы геохимиялық жұмыстар іздеу-түсіру, іздеу және геофизикалық жұмыстармен бірге жүргізілді. Осы жұмыстарды жүргізу кезінде өнеркәсіптік концентрацияларда кенденуді оқшаулау үшін келесі геологиялық - геохимиялық айырмашылықтар анықталды:

1. Жобаланған жұмыстардың ауданы негізінен (90%) мыс-алтын кенденуі шоғырлануы үшін қолайлы Ортаңғы Девон жасындағы базальт қалыңдығынан тұрады.

2. Мыс-алтын минералдануы кеңістікте және генетикалық түрде диоритті порфириттердің, порфиридті диориттердің интрузияларымен бұзылған.

3. Кен аймағы гидротермалдық және метасоматикалық таужыныстардың өзгеру учаскелерімен шектелген.

4. Көптеген геохимиялық ауытқулар (Au, Cu, Ag) және индикатор элементтері (Ni, Bi, Sb) күрделі сипаттағы кең және қарқынды кен денесінің пайда болуын көрсетті.

4.4 Бұрғылау жұмыстары

Бұрғылау жұмыстарында жоба бойынша 13 профиль тұрғызылып, 45 ұңғыма бұрғылануы керек. Профиль бойынша әр ұңғыманың арасы 120x80 м.

Жұмыстың мақсаты пайдалы қазбалардың бар болуы және жатыс жағдайлары туралы мәліметтер алу, кенді дененің ұзындығын, қалыңдығын, тереңдігін, құлау бұрышын анықтау, кен қабаттарын ашу, сынамалаудың әр түрлі түрлері үшін керн үлгілерін іріктеу, кенді дененің минералдануының сапасы мен сипатын анықтау, сондай-ақ геологиялық қима құрастыру болып табылады. Ұңғымалардың жалпы тереңдігі I-профиль бойынша $42+129+147+178+188+210=894$ метр.

Ұңғымалар саны кенді дене бойынша кенді дененің ұзындығы 1400 метр қималар саны C_1 санаты бойынша аралығы $60*40$ метр болатын алтынның тығыздық торы және сәйкесінше C_2 санаты $120*80$ метр тығыздық торы болды. Барлығы 13 профиль жүргіздім. Санаттар бойынша 4 профиль кенсіз болып табылады. Кенді дененің орташа қалыңдығы 110-120 метр, қимадағы ұңғыма арасы 40 метрден барлығы 45 ұңғыма бұрғыланды. Оның 33 ұңғымасы кенді, 12 ұңғыма кенсіз болып табылады.

Бұрғылау қондырғысының бұрғылау орташа тереңдігі 120 метр, коронка диаметрі 117 мм.

Таужыныстарының қаттылығы: аллювиалды саздар-II, нонtronит-II, кенді дене-VI, избестас- II-III, плагиоклаз-VII. Кенді дененің жатыс тереңдігі 4-220 метрге дейін жетеді, таужыныстардың санаттарына қарай коронка таңдалды.

Варваринское алтын кенорнында түбегейлі барлау жұмыстары жүргізілетіндіктен мен RC бұрғылау әдісін таңдаймын. Әдістің бірден бір артықшылықтары болып пневмосокқыш көмегімен бұрғылауды, кері қайтымды

ауа көмегімен жұмыс атқаруды және бұрғыланған таужыныстардың сынама түрінде шығуын атап өтуге болады.

Кері үрлеу әдісімен (РС) бұрғылау ауамен үрлеп, бұрғылау шламының штанганың ішіндегі бетіне оралуы мүмкін. Бұрғы механизмі - бұл вольфрам болатынан бұрғы қашауын айналдыратын соққы ретінде белгілі қайтарымды-үдемелі поршень [12].

Ең дұрысы, бұрғылау кезінде РС әдісімен құрғақ бұрғылау шламы өндіріледі, себебі іздеу ұңғымаларын үлкен ауа компрессорлары алда жылжитын бұрғылау қашауының алдында тұқымды кептіреді. РС әдісімен бұрғылау алмазды колонкалық бұрғылаудан арзанырақ және сондықтан оған пайдалы қазбаларды барлау кезінде артықшылық беріледі.

Бұрғылау жұмыстары жобаланатын жұмыстардың негізгі түрі болып табылады. Колонкалық бұрғылау ұңғымалары С₂ санаты бойынша кен денелерінің ресурстық әлеуетін бағалау үшін салынады. Ұңғымалар негізгі геологиялық құрылымдардың, литологиялық және интрузивті байланыстардың, геофизикалық ауытқулардың, болжанған кен аймақтарының қиылысу кескіндерінің профильдері бойынша орналасады, кенорнындағы бастапқы кендер күндізгі бетке шыға алмайды және барлық жерде 15-тен 25 м-ге дейін құм-сазды түзілімдермен жабылады.

Кен бастапқы сульфидті және тотыққан айырмашылықтармен ұсынылған. Тотыққан кендердің тереңдігі 18-ден 25 м-ге дейін, орташа есеппен 25 м құрайды. Кен денелері тік құлайды, құлау бұрышы 63°-дан 67°-ға дейін, орташа 65°.

